

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында Зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 наурыз N 308

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 16 қыркүйекте Бакуде қол қойылған Зейнетақымен

қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Әзірбайжан Тарапын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешім туралы белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық
туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы
КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 15-құжат)
(1999 жылғы 4 наурызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі, бұдан әрі "Тараптар" деп аталады,
азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу саласындағы құқығын қорғау қажеттігіне сүйене отырып,
Тараптардың өз азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыруға тікелей жауапты екенін түсініп,

Тараптардың бірінің аумағында зейнетақы алу құқығына ие болған және

тараптардың аумағында осы құқықты жүзеге асыратын еңбекке жарамсыз адамдар жөнінде Тараптардың өз міндеттемелері бар екенін мойындап, зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жөніндегі жасасылған

халықаралық Келісімдер бойынша міндеттемелерді мүлтіксіз сақтау қажеттігін тани отырып, мыналар туралы Келісті:

1-бап

Тараптардың азаматтары мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру аумағында олар тұратын мемлекеттің заңы бойынша жүзеге асырылады:

Азамат қоныс аударған кезде ол көшіп кеткен аумақ, бұдан былай көшіп кеткен Тарап, ал ол тұратын аумақ көшіп келген Тарап деп аталады.

2-бап

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының Қарулы

Күштері мен Шекара әскерлерінің әскери қызметшілерін олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру, сондай-ақ оларды зейнетақымен қамсыздандыруға қаражат бөлу тәртібі Тараптардың тиісті зейнетақы заңдары белгілейтін тәртіппен реттеледі.

3-бап

Осы келісім бойынша зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыруға байланысты барлық шығындарды зейнетақымен қамсыздандыруға тиісті Тарап міндетіне алады. Өзара есеп айырысулар жүргізілмейді.

4-бап

Осы Келісім Тараптардың Заңдарында белгіленген немесе белгіленетін

азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың барлық түрлеріне қолданылады.

5 - б а п

1. Тараптардың азаматтарына зейнетақы тұрғылықты жері бойынша тағайындалады

2. Тараптар азаматтарына зейнетақы алу құқығын, соның ішінде жеңілдікті негіздегі және еңбек сіңірген жылдар үшін зейнетақы алу құқығын белгілеу үшін солардың аумағында, сондай-ақ бұрынғы КСРО аумағында 1992 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек стажы ескеріледі.

3. Зейнетақы еңбек стажына есептелетін жылдардағы жалақысынан (табысынан) есептеледі.

Жалақы (табыс) мөлшері зейнетақы тағайындалған сәттегі басқа Тараптың ресми түрде белгіленген бағамның ұлттық валютасына немесе халықаралық бағамына қатынасын басшылыққа ала отырып айқындалады.

6 - б а п

Еңбекте жаракат алуы немесе кәсіптік ауруы салдарынан мүгедектігіне байланысты және асыраушысынан айрылуына байланысты берілетін зейнетақы зейнетақы тағайындауға өтініш берген адамның тұрақты тұратын жері бойынша сол аумақта қолданылып жүрген заңға сәйкес зейнетақы төлеуге арналып көзделген қаражат есебінен тағайындалып, төленеді.

7 - б а п

Зейнеткер Тараптардың бірінің аумағынан басқа тараптың аумағына қоныс аударған кезде зейнетақы бұрынғы тұрған жері бойынша зейнетақы төлеу тоқтатылған күннен бастап төленеді, бірақ жаңадан көшіп келген жеріндегі халықты әлеуметтік қорғау бөліміне жазбаша өтініш берген күннен бұрынғы алты айдан аспайтын уақытқа төленеді.

8-бап

Тараптардың зейнетақымен қамсыздандыруын жүзеге асыратын органдар бір-бірімен олардың орталық органдары арасында жасасылған келісім белгілейтін тәртіппен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

9-бап

Тараптар осы Келісімде реттелмеген мәселелерді, сондай-ақ оның қолданылуына байланысты мәселелерді келіссөз жүргізу жолымен қарайды.

10-бап

Тараптар өз мемлекеттерінде қолданылып жүрген заңдар, оларға кейіннен енгізілген өзгерістер туралы бір-біріне хабарлап отыруды, сондай-ақ зейнетақы құқығын және оның мөлшерін айқындау үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауға қажетті шараларды қолдануды міндетіне алады.

11-бап

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының аумағында тиісті тәртіппен берілген зейнетақымен қамсыздандыру үшін қажетті құжаттар Тараптардың аумағында жария етілмей қабылданады.

12-бап

Осы Келісім оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекеттік ішкі тәртібін әрбір Тараптың орындағандығы туралы соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне е н е д і .

1 3 - б а п

1. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасасылады және тиісті қолданылу мерзімі бітуге алты ай қалғанға дейін Тараптардың бірде-бірі оның күшін тоқтатқысы келетінін туралы, жазбаша түрде хабарламаса, онда Келісім өзінен-өзі тағы да бес жыл мерзімге ұ з а р т ы л а д ы .

2. Келісім бұзылған жағдайда оның ережелері зейнетақы құқықтары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес туындаған азаматтар жөнінде күшіне қалады.

3. Өзара уағдаластық негізінде қабылданған және тиісті актілерде тіркелген осы Келісімге енгізілетін барлық өзгертулер мен

толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1996 жылы 16 қыркүйекте Баку қаласында қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана етіп жасалды, барлық мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК